

**Жалғыз акционердің
шешімімен (ҚР ДСӘДМ-нің
2016 жылғы «5» желтоқсандағы
№ 1033 бұйрығы)
БЕКІТІЛГЕН**

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес
акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес әзірленді.

2. Ереже «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қор) басқару органы ретінде Директорлар кеңесі қызметінің рәсімдерін нақтылайды, Қордың Директорлар кеңесінің статусын, мақсаттарын, қағидаттары мен функцияларын, оны сайлау, отырыстарын өткізу тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі мен жауапкершілігін, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру, өткізу тәртібін, оның шешімдерді қабылдау және рәсімдеуін анықтайды.

3. Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қордың Жарғысымен Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі – Жалғыз акционер) мен Қор Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, құзыреті шегінде Қордың қызметіне жалпы басшылықты және Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асыратын Қорды басқару органы.

4. Өзінің қызметінде Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, осы Ережені және Қордың ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

**2. Директорлар кеңесінің мақсаттары, қызметінің қағидаттары
және функциялары**

5. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары Қор қызметіне жалпы басшылық жасау, Қор мүдделерінің іске асырылуын қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, Қор қызметінің қағидаттары мен нормаларын орнату, сондай-ақ Жалғыз акционер мен басқа да тұлғалар алдында Қордың міндеттемелерін сақтау болып табылады.

6. Қызмет мақсаттарын іске асыру үшін Директорлар кеңесі мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Қордың қызметі туралы ақиқат және толық ақпаратты пайдалана отырып, мәселелерді алқалы және салиқалы талқылау негізінде шешімдер қабылдау;

2) жалғыз акционердің мүддесін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционер құқықтарын қорғау;

3) Жалғыз акционердің мүддесіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және Қор мүддесінде барынша объективті шешімдер қабылдау;

4) қызметті парасаттылық, тиімділік, белсенділік, тиянақтылық, адалдық, жауапкершілік, дәлдік, кәсібилік, сақтық, объективтілік қағидаттары негізінде жүзеге асыру;

5) Кодексте көрсетілген өзге қағидаттар.

7. Директорлар кеңесінің негізгі функцияларына:

1) Қорды дамытудың басым бағыттарын белгілеу, сондай-ақ қызметін дамытудың стратегиялық бағыттары мен Қорды дамыту жоспарын бекіту;

2) нарықтық жағдайды ескере отырып, бекітілген басым бағыттарды ұстануға, Қордың қаржылық жағдайына және Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне ықпал ететін басқа да факторларды объективті бағалау;

3) Қордың тәуекелдерді басқару Саясатын анықтау, тиімділіктің сақталуын және оны талдауды қамтамасыз ету, тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдерді жетілдіру;

4) Қордың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

5) Директорлар кеңесі комитеттерінің, Қор Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшы қызметіне бақылауды жүзеге асыру;

6) белгіленген тәртіпте корпоративтік қақтығыстарды, мүдделер қақтығыстарын реттеуді жүзеге асыру жатады.

3. Директорлар кеңесінің құзыреті

8. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілетті.

Қордың Жарғысымен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін Қордың Басқармасына беруге болмайды.

9. Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

10. Директорлар кеңесі:

1) Қордың лауазымды тұлғаларының деңгейінде әлеуетті мүдделер қақтығыстарын, оның ішінде Қор меншігінің заңсыз пайдаланылуын және мәмілелер жасасқан кезде өкілеттітердің теріс пайдаланылуын байқап, мүмкіндігінше жоюға;

2) Қорда корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

11. Директорлар кеңесі Қордың Басқармасынан және Ішкі аудит қызметінен толық көлемде және уақтылы негізде ақпарат, түсіндірмелер мен түсініктемелер алуға құқылы.

4. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау

12. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісім бойынша кандидаттардың құзыретін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, анық және айқын рәсімдер негізінде Жалғыз акционер жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлаған кезде олардың Қордың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

13. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға

ұсынылған (ұсыным берілген) жеке тұлғалар;

2) Қор акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар арасынан сайланады.

14. Директорлар кеңесі мүшесінің Қордың Жарғысына сәйкес оған жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

15. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Бұл ретте, Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

16. Директорлар кеңесінің мүшелері және Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың Жалғыз акционердің және Қордың мүддесінде өзінің міндеттерін орындау және бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және іскерлік және салалық ортада мінсіз беделі болуға тиіс.

17. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, немесе оны консервациялау туралы шешім қабылдаған уақыт алдында күнтізбелік бір жыл бойы сол заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, бірінші басшысы (Басқарма Төрағасы), бірінші басшысының орынбасары (Басқарма Төрағасының орынбасары), алқалы атқарушы органының мүшесі немесе бас бухгалтері лауазымында болған адам Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды. Ондай адамның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, немесе оны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл бойы Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымында болуға құқығы жоқ.

18. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адам болуға тиіс. Қордың Директорлар кеңесі құрамының кемінде 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Бұл ретте, Қордың Директорлар кеңесінің құрамына акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтары берілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің өкілдері кіреді.

19. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері өздерінің кәсіби білімдері мен біліктіліктерін тұрақты негізде жетілдіруге тиіс, сондай-ақ Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік (күпия), коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де күпияны жарияламау туралы міндеттемеге қол қояды.

5. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері

20. Тәуелсіз директорлар Қорда корпоративтік басқарудың, ақпараттық айқындылықтың үздік стандарттарын ендіруге ықпал етеді және Қордың қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарын әзірлеу, Басқарма қызметінің Қор қызметін дамытудың бекітілген стратегиялық бағыттарына сәйкестігін бағалау мәселелерін талқылауға және олар бойынша, сондай-ақ шешімі Жалғыз акционердік мүддесін

қозғауы мүмкін өзге де маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдауға елеулі үлес қосуға тиіс.

21. Егер Директорлар кеңесіне сайланғаннан кейін нәтижесінде тәуелсіз директор ондай болмай қалған өзгерістер болса немесе мән-жайлар туындаса, осы директор ондай оқиға туындаған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы өзгерістер мен мән-жайларды көрсетіп, Директорлар кеңесіне хабарлауға тиіс. Бұл жағдайда Директорлар кеңесі ол туралы Жалғыз акционерге хабарлауға міндетті.

22. Қордың Корпоративтік хатшысы осы Ережеге 2 және 3-қосымшаларға сәйкес Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына ұсынылатын кандидаттар туралы мәліметтерді Жалғыз акционерге ұсынады.

23. Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар тәуелсіз пайым шығару міндетінен туындайды, ол олардың пікірін қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін қандай да міндеттемелердің болмауын көздейді.

24. Директорлар кеңесінің мүшесі егер ол:

1) Қордың лауазымды адамдарымен бағыныстылығы бойынша байланысты болмаса, және Директорлар кеңесіне сайланғанның алдында 3 (үш) жыл ішінде осы адамдармен бағыныстылығы бойынша байланысты болмаса;

2) Қордың аудитору болмаса, және Директорлар кеңесіне сайланғанның алдында 3 (үш) жыл ішінде ол болмаса;

3) аудиторлық ұйымның құрамында аудитор ретінде Қордың аудитына қатыспаса, және Директорлар кеңесіне сайланғанның алдында 3 (үш) жыл ішінде ондай аудитқа қатыспаса;

4) мемлекеттік қызметші болмаса, тәуелсіз болып танылады.

6. Директорлар кеңесінің мүшелері өкілеттіктерінің мерзімі

25. Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымында қатарынан 6 (алты) жыл (екі үшжылдық мерзім) болатын болса, ондай адамды Директорлар кеңесіне сайлау Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріліп, ерекше қаралуға жатады. Сол бір адам Директорлар кеңесіне қатарынан 9 (тоғыз) жылдан (үш үшжылдық мерзім) астам уақытқа сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлануға жол беріледі, алайда ондай адамды Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын жүргізілуге тиіс.

26. Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін Жалғыз акционер осы Ереженің 25-тармағында белгіленген шектеулерді ескеріп, орнатады.

27. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жкелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

28. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын оның бастамасы бойынша тоқтату оның Директорлар кеңесіне берген жазбаша хабарландыруының негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің ондай мүшесінің өкілеттіктері Директорлар кеңесі аталған хабарландыруды алған сәттен бастап тоқтатылады.

7. Директорлар кеңесінің төрағасы

29. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілігімен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта

сайлай алады.

30. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады, оларда төрағалық етеді, отырыстарда осы Ережеде белгіленген тәртіпте хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады.

31. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің біруі жүзеге асырады.

32. Директорлар кеңесінің төрағасы осы Ереженің 8-бөлімінде көрсетілген құқықтар мен міндеттерден басқа:

1) Директорлар кеңесін басқару үшін жауапкершілік көтереді, өз жауапкершілігі саласының барлық аспектілері бойынша оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және Қордың Директорлар кеңесінің өзінің функцияларын орындау тиімділігін, оның ішінде отырыстардың тұрақты және жиі болуын бақылайды;

3) Қордың атынан Директорлар кеңесінің мүшелерімен тиісті шарттар жасасады;

4) Қордың атынан Қордың төрағасымен еңбек шартын жасасады, онда Қор Басқармасы төрағасын материалдық көтермелеу мен оның жауапкершілігінің қызмет нәтижелері мен Дамыту жоспарының орындалуына, Қор қызметін дамытудың стратегиялық бағыттарына қол жеткізілуіне тікелей байланыс көзделеді;

5) жыл сайын Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің қызметі туралы хабарлайды;

6) Директорлар кеңесі бекітетін отырыстың күн тәртібінің белгіленген тәртіппен дайындалуын ұйымдастырады;

7) Корпоративтік хатшымен бірлесіп, Директорлар кеңесі мүшелерінің ақиқат және анық ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

8) Жалғыз акционермен тиісті диалогты қамтамасыз ету үшін жауапкершілік көтереді және онымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, оның ішінде Жалғыз акционердің пікірін тұтас Директорлар кеңесіне жеткізеді;

9) өзіне берілген құзырет шегінде өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

8. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

33. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізуді талап етуге;

2) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамасына күн тәртібі мен қабылданып отырған шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

3) Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің бекітілген күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға;

4) белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

5) Қордың қызметі туралы, оның ішінде Қордың қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын ақпаратты алуға және танысуға, Қордың бүкіл құжаттарымен танысуға;

6) Директорлар кеңесі жұмысының жоспарын қалыптастыру бойынша жазбаша ұсыныстар енгізуге;

7) Жарғымен Қордың ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен қаралатын мәселелер бойынша өзінің пікірін білдіруге, ескертулер, ұсыныстар, ұсынымдар беруге;

8) Директорлар кеңесіне жазбаша хабарландыру беру арқылы өзінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

9) Жалғыз құрылтайшы белгіленген тәртіпке сәйкес сыйақы алуға, сондай-ақ олардың Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындауына байланысты шығыстардың (шығындардың) өтелуіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Кодекспен және Қордың ішкі құжаттарымен көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

34. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қордың мүлкін Жарғыға, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсатта пайдалануға және пайдаланылуына жол беруге;

2) дәлелді себептерсіз Директорлар кеңесінің отырыстарына қатыспауға;

3) өзінің дауысын басқа тұлғаға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді, тәуелсіз директорға оның Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттіктері мен міндеттерін орындауына байланысты белгілі болған, ондай ақпаратқа қолжетімділігі жоқ адамдарға жариялауға, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшесі міндеттерін орындау кезеңінде және егер Қордың ішкі құжаттарымен ондай мерзім көзделмеген болса, Қорда жұмыс істеуді тоқтатқаннан кезден бастап 3 (үш) жыл ішінде оны өзінің мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдалануға;

5) Қор туралы шектеулі қолжетімділіктегі өзіне қолжетімді ақпаратты жеке мақсатында пайдалануға құқылы емес.

35. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Кодексте және Директорлар кеңесі туралы ережеде қамтылған талаптарды, адамгершілік қағидаттары мен іскерлік әдеп қағидаларын Жалғыз акционер мен тұтас Қордың мүддесінде сақтай отырып, адал, парасатты және әділ әрекет етуге;

2) Директорлар кеңесінің мүшесі міндеттерін орындау кезеңінде, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарымен өзге мерзім көзделмеген болса, Қорда жұмыс істеуді тоқтатқаннан кезден бастап 3 (үш) жыл ішінде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге;

3) Қордың істерінің жай-күйіне мониторинг жүргізуге және Қордың басқа да органдары мен лауазымды адамдарымен тұрақты байланыстар жасауға;

4) Директорлар кеңесінің отырыстарына және өздері мүшелері болып табылатын Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысына қатысуға;

5) Қордың Директорлар кеңесінің отырысына қатысуының мүмкін еместігі туралы Директорлар кеңесінің төрағасына, сондай-ақ өзі құрамына кіретін Директорлар кеңесі комитетінің отырыстарына қатысуының мүмкін еместігі туралы Директорлар кеңесінің комитетінің төрағасына өзінің болмауының себептерін көрсете отырып, алдын ала хабарлауға;

6) өзінің, Қордың және Жалғыз акционердің мүдделері қақтығысына әкелетін және әлеуетті түрде әкелуі мүмкін әрекеттерден қалыс қалуға, ал ондай қақтығыс болған немесе туындаған жағдайда ол туралы дереу Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша түрде хабарлауға;

7) олардың басқа акционерлік қоғамның органдарына сайлануы немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдануы мүмкіндігін Директорлар кеңесімен келісуге;

8) білімдері мен дағдыларын жетілдіру жоспарын құруға қатысуға;

9) тәуелсіз директордың нәтижесінде ондай болуы мүмкін болмайтын мән-жайлардың өзгергені туралы Директорлар кеңесіне 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлауға;

10) Директорлар кеңесінің, өзі құрамына кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына тиісті түрде дайындалуға: материалдармен алдын ала танысуға, қажетті ақпаратты жинауға және талдауға, өзінің тұжырымдарын, ескертулері мен ұсыныстарын, қорытындылары мен ұсынымдарын дайындауға;

11) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған, өздерінің құзыреті шегінде жазбаша түрде берген шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына сәйкес орындауға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді, функциялар мен міндеттерді орындауға міндетті.

9. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

36. Күн тәртібін қалыптастыру, Директорлар кеңесінің мүшелері мен отырысқа қатысушыларға хабарлау, сондай-ақ олардың қажетті материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер Корпоративтік хатшыға, ал Корпоративтік хатшы болмаған жағдайда Басқармаға жүктеледі.

37. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қор Басқармасының бастамасы бойынша не:

1) Жалғыз акционердің;

2) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

3) Ішкі аудит қызметінің;

4) Қордың аудитын жүзеге асырып отырған аудиторлық ұйымның талабы шақырылуы мүмкін.

38. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарландыруды жіберу арқылы беріледі.

39. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда немесе шақыру мүмкін болмауының өзге себептері болғанда бастамашы осы талаппен Қордың Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті болатын Қордың Барқармасына жүгінуге құқылы.

40. Директорлар кеңесінің отырысына материалдар мыналарды қамтуға тиіс:

1) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастама жасаған тұлға қол қойған отырыстың күн тәртібі;

2) күн тәртібінің әрбір қаралатын мәселесіне түсіндірме жазбалар және осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылып отырған шешім жобасы негізделген Басқарма төрағасы немесе ресми түрде оның міндетін атқарушы қол қойған Директорлар кеңесі шешімінің жобасы;

3) қарауға жоспарланып отырған құжаттың жобасы және Қордың құрылымдық бөлімшелерімен жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша келісілген, қаралатын мәселеге қатысы бар басқа да материалдар;

4) мәселелерді алдын ала қараған Басқарма, Директорлар кеңесінің жанындағы комиттер және/немесе Қордың өзге де алқалы органдары шешімдерінің көшірмелері

(болған кезде және қажет болғанда);

5) сырттай отырыс өткізілетін жағдайда Директорлар кеңесінің сырттай отырысының бюллетені;

6) күн тәртібінің мәселелерін қарау немесе талдау үшін қажетті өзге де құжаттар, олар болған кезде (тиісті мәселелер бойынша презентациялар, есептер, Қордың комитеттері және өзге де алқалы органдары шешімдерінің көшірмелері, көрсетілген мәселелердің күн тәртібіне енгізілуін негіздейтін анықтамалық материалдар.

41. Шешімнің жобасымен бірге түсіндірме жазбаға Басқарма төрағасының немесе ресми түрде оның міндеттерін атқарушы тұлғаның қолы қойылуға тиіс. Қоса берілетін материалдарға Басқарма төрағасының, Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселеге жетекшілік ететін Басқарма төрағасы орынбасарының, корпоративтік хатшының және жетекшілік ететін мәселелер шеңбері бойынша құрылымдық бөлімшелердің басшыларының (оларды ауыстыратын тұлғалар) қолбелгілері қойылуға тиіс.

42. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің немесе Басқарманың (шақыруды Басқарма жасаған жағдайда) төрағасына Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

43. Директорлар кеңесінің бір отырысының күн тәртібіне енгізілетін мәселелер саны 10 (он) аспауға тиіс.

44. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

45. Директорлар кеңесінің отырысына материалдар көшірмелері Директорлар кеңесінің мүшелеріне қағаз тасығышта және/немесе электронды түрде (PDF форматында сканерленген) ресми және электрондық почта арқылы отырыстың болжамды өткізілетін күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жіберуге тиіс.

10. Директорлар кеңесінің отырысы

46. Директорлар кеңесі отырысының белгіленген тәртіппен бекітілген күн тәртібінің мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері мынадай тәсілдермен қабылданады:

- қатысып дауыс беру арқылы;

- сырттай дауыс беру арқылы;

- дауыс берудің екі нысанын үйлестіру (аралас дауыс беру) арқылы. Дауыс берудің мұндай нысаны Директорлар кеңесінің мүшесі(лері) Директорлар кеңесінің қатысып өтетін отырысқа жеке келе алмайтын болған және өзінің пікірін жазбаша түрде ұсынатын жағдайда қолданылады.

47. Директорлар кеңесінің отырыстары оңтайлылығы, тиімділігі және тұрақтылығы қағидаттарының негізінде өткізіледі. Отырыстар тұрақты түрде, Директорлар кеңесінің отырысында осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітілген тиісті күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, алайда жылына кемінде 4 (төрт) рет өткізілуге тиіс. Қажеттілік болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарайды.

48. Қордың Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Қордың Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің кемінде жартысын құруға тиіс.

49. Директорлар кеңесінің отырысын қатысу тәртібімен өткізген кезде кворумды Қордың Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерінің жазбаша түрде берілген дауыстары болған кезде (аралас дауыс беру) оларды ескеріп, анықтауға болады.

50. Қатысу тәртібімен өткізілетін отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күн тәртібінің мәселелері бойынша жазбаша пікір беруге құқылы.

51. Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі Директорлар кеңесінің төрағасына почта арқылы тапсырыпты хатпен, курьер арқылы жолдануы, Корпоративтік хатшыға жеке қолына немесе өкілі арқылы Директорлар кеңесінің отырысы өткенге дейін тапсырылуы, сондай-ақ электрондық почта арқылы жіберілген кезден бастап кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде түпнұсқасы беріліп, электрондық почта арқылы PDF форматында жіберілуі мүмкін.

52. Директорлар кеңесінің мүшесі берген жазбаша пікір кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеген кезде ескеріледі және Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қоса тігіледі.

53. Егер бұрын жазбаша пікірін берген Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

54. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты саны кворумға қол жеткізу үшін жеткілікті болмаса, Директорлар кеңесі Қордың Жалғыз акционерінің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін енгізуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері ондай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

55. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесінің мүшелері дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

56. Қордың Директорлар кеңесі Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

57. Қордың Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешімдерді Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдай алады.

58. Сырттай дауыс беру Қордың Директорлар кеңесін шақыруға құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша жүргізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрасына жазбаша түрде беріледі және дауыс беруге қойылған анық және бірмағыналы тұжырымдалған мәселелерді қамтиды.

59. Директорлар кеңесінің ең болмаса бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылығы болған жағдайда, мәселе Директорлар кеңесінің кезекті қатысып өтетін отырысының күн тәртібіне қосылады.

60. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды. Директорлар кеңесінің сырттай отырыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

61. Қордың Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімдері осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді, оған Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерінен түскен осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюллетеньдер қоса тіркеледі.

62. Директорлар кеңесінің қатысып өтетін отырысының хаттамасына Директорлар кеңесінің төрағасы мен Корпоративтік хатшы қол қояды.

63. Директорлар кеңесі сырттай отырысының шешімі Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі сырттай отырысының хаттамасына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс, оған негізінде осындай шешім шығарылған бюллетеньдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

64. Директорлар кеңесінің қатысып өтетін отырысын ашқан кезде Директорлар кеңесінің төрағасы отырыстың күн тәртібін жариялайды және күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

65. Егер күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін Директорлар кеңесінің мүшелері көпшілік дауыспен дауыс берсе, олар күн тәртібіне енгізілуі мүмкін.

66. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекіту Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен жүргізіледі.

67. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі қабылдап отырған шешіммен толығымен немесе ішінара келіспеген кезде, ол өзінің келіспеуін дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір түрінде білдіруге құқылы, оны Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында көрсетеді.

Ерекше жағдайларда Қордың Директорлар кеңесі отырысының екі нысанын да үйлестіруге болады. Бұл Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі немесе бірнешеуі (30%-дан аспайды) Қордың Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі қатыса алмайтын болған жағдайларға қатысты. Бұл ретте Директорлар кеңесінің қатыспайтын мүшесі қаралатын мәселелерді талқылауға техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қатыса алады және өзінің жазбаша пікірін беру арқылы дауыс беруге (аралас дауыс беру) қатысады. Жазбаша пікір осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру бюллетені нысанының қолданылатын қосымшалары ескеріліп ресімделеді және хаттамаға қоса тіркеледі (егер олар отырыстың хаттамасында көрсетілмеген болса).

68. Қордың Директорлар кеңесінің қатысу арқылы өткен отырысында қабылданған оның шешімдері осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан Корпоративтік хатшы, Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері, отырыс өткен күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.

69. Директорлар кеңесінің мүшесі отырыстың күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша қабылдаған шешімдер осы Ережеге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Директорлар кеңесінің қатысу отырысы хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын дауыс беру қорытындыларының парағына қол қою арқылы жүзеге асырылады.

Аралас дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай отырыс хаттамасын ресімдеуге қолданылатын жекелеген ережелер ескеріліп, осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

70. Корпоративтік хатшы хаттаманың (шешімнің) дұрыс толтырылуы үшін жауапкершілік көтереді.

71. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары, Қордың Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын қоса алғанда, Корпоративтік хатшыда сақталады және олар қабылданған кезден бастап 2 (екі) жыл аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен Қордың мұрағатына беріледі. Корпоративтік хатшы ондай құжаттардың Қордың мұрағатына тапсырылғанына дейін сақталуы үшін жауапкершілік көтереді.

72. Қордың Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін хаттама (шешім) көшірмелерін және әр парағын өзінің қолымен Корпоративтік хатшы мөрімен куәландырылған бекітілген не қаралған

материалдарды беруге міндетті.

73. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен, Жарғымен және осы Ережемен белгіленген тәртіпті бұзып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оны сот тәртібінде даулауға құқылы.

11. Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау

74. Директорлар кеңесі өзінің шешімдерінің орындалуын бақылауды Директорлар кеңесінің отырыстарына ұсыналатын Басқарма, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы және (немесе) орындалуы барысы туралы есептерін қарау арқылы жүзеге асырады.

75. Корпоративтік хатшы қабылданған шешімдерді және тиісті тапсырмаларды Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің назарына жеткізеді және Директорлар кеңесінің шешімдері орындалуының бақылау мерзімдері (болған кезде) туралы Директорлар кеңесіне хабарлайды.

12. Директорлар кеңесінің комитеттері

76. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қорда:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақы;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қордың ішкі құжаттарымен көзделген өзге де мәселелер жөніндегі Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

Осы тармақта көрсетілген мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

77. Комитеттер Директорлар кеңесі функцияларының тиімді орындалуына ықпал ету мақсатында құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелері мен нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімдері бар Қор қызметкерлерінен тұрады. Комитеттер құрамын қалыптастырған кезде әлеуетті мүдделер қақтығыстарының болуы назарға алынуға тиіс. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Тәуелсіз директорлар функцияларына осы Ереженің 1) – 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) болып табылады.

78. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды. Комитеттер қызметі Директорлар кеңесі бекітетін комитет құрамы, құзыреті, мүшелерін сайлау тәртібі, комитеттер жұмысының тәртібі, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын ішкі құжаттармен реттеледі.

79. Комитет төрағасы мен оның мүшелерінен басқа ешкімнің комитет отырыстарында болуына құқығы жоқ. Комитет отырыстарында қалған тұлғалардың болуына тиісті комитеттің шақыруы бойынша ғана жол беріледі.

80. Директорлар кеңесінің комитеттері жыл сайын өз жұмысының жоспарын құрады, олардың отырыстары тұрақты негізде өтуге тиіс. Комитет отырысының хаттамасы Директорлар кеңесіне ұсынылады. Директорлар кеңесі жылдық есебінің жеке бөлімі комитеттер жұмысына арналады.

81. Директорлар кеңесінің жыл бойы кез келген уақытта комитеттерден ағымдағы

қызмет туралы есеп беруді талап етеуіне құқығы бар. Ондай есепті дайынау және ұсыну мерзімдерін Директорлар кеңесі белгілейді.

82. Комитеттердің қызметі Қордың Директорлар кеңесі бекітетін комитет құрамы, құзыреті, мүшелерін сайлау тәртібі, комитеттер жұмысының тәртібі, сондай-ақ оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын құжаттармен реттеледі.

13. Директорлар кеңесінің Жалғыз акционермен және Басқарамамен өзара қарым-қатынастары

83. Жалғыз акционердің өзінің құзыретін шеңберінде қабылдаған шешімдері Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Директорлар кеңесі жыл сайын өткен жылдың қорытындылары туралы есеп беру арқылы Жалғыз акционердің алдында өзінің қызметі туралы есеп береді.

84. Директорлар кеңесінің атқарылған жұмыс туралы жылдық есебінде мынадай ақпарат көрсетіледі, алайда онымен шектелмейді:

1) Директорлар кеңесінің құрамы, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директорлар, тәуелсіз директорларды, Басқарма төрағасы мен Комитеттер мүшелерін іріктеу критерийлері көрсетіледі;

2) Директорлар кеңесі тәуелсіз деп есептейтін әрбір директор туралы, сондай-ақ шешімдер қабылдаған кезде директордың тәуелсіз болғаны/болмағаны туралы ақпарат;

3) Директорлар кеңесі және оның комитеттері отырыстарының саны, сондай-ақ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Директорлар кеңесінің және өзі құрамына кіретін комитеттің отырыстарына қатысуы;

4) комитеттердің функцияларын орындау жөніндегі жұмысы туралы есеп, оның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттердің жекелеген ұсыныстарын және/немесе ұсынымдарын қабылдамауы себептері көрсетіледі;

5) Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп, онда Директорлар кеңесі шешімдер қабылдаған мәселелер туралы толық ақпарат қамтылады;

6) Қордың жағдайын және оны дамыту перспективаларын бағалау;

7) Директорлар кеңесінің Жалғыз акционердің Қорға қатысты пікірлерін (тікелей сөйлесу, брифингтер арқылы) ескеру жөнінде қабылдаған шаралары;

8) Қордың қызметіндегі елеулі маңызы бар өзге де ақпарат.

85. Директорлар кеңесі мен Басқарма ынтымақтастық тұрғысына өзара іс-қимыл жасауға, қордың мүддесінде әрекет етуге және шешімдерді тұрақты даму қағидаттарының негізінде қабылдауға тиіс.

14. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

86. Директорлар кеңесінің мүшелері олардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде:

1) жаңылыстыруға әкеп соқтыратын немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) ақпаратты берудің заңнамамен белгіленген тәртібін бұзу нәтижесінде шеккен шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қор мен Жалғыз акционер алдында жауапкершілік көтереді.

87. Бұл ретте Қорға шығын келтірілуіне әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшелері жауапкершілік көтермейді.

88. Директорлар кеңесінің мүшелері жауапкершілігінің негіздеру мен мөлшерін

белгілеген кезде іскерлік айналымның кәдімгі жағдайлары мен істің мәні үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар назарға алынуға тиіс.

15. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары

89. Қордың Жалғыз акционерінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындауы кезінде оларға сыйақы төленеді (Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғы ережелерінің және Қордың ішкі құжаттарының талаптары ескеріліп) және олардың Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығындары өтеледі. Ондай сыйақылар, өтемақылар мөлшерлері мен оларды төлеу шарттары Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді. Директорлар кеңесінің мүшелеріне іссапар шығындары төленеді.

90. Тәуелсіз директорлар сыйақыларының талаптары олармен жасалатын шарттарда, және қажет болған кезде Қордың ішкі құжаттарында көрсетіледі.

91. Директорлар кеңесінің төрағасы Қордың атынан тәуелсіз директорлармен Ережеге 11-қосымшаға сәйкес көзделген шарттарды жасасады.

92. Басқарма төрағасы, ол Директорлар кеңесінің құрамына сайланған жағдайда Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алмайды.

93. Қор Директорлар кеңесінің мүшелері сыйақыларының мөлшері туралы мәліметті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ашады. Директорлар кеңесі мүшелерінің есептік кезеңдегі сыйақыларының мөлшерлері туралы мәлімет Жалғыз акционер үшін дайындалған жылдық есепте міндетті түрде ашылуға жатады.

16. Өзге ережелер

94. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатады.

95. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жырғыға немесе Кодекске өзгерістер нәтижесінде осы Ереженің жекелеген нормалары олармен қайшылыққа келсе, Ереженің осы нормалары қолданылмайды және Ережеге өзгерістер енгізілгенге дейін Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін, Жарғыны және Кодексті басшылыққа алады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге 1-қосымша

МІНДЕТТЕМЕ

Мен, _____, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КАҚ (бұдан әрі – Қор) Директорлар кеңесінің мүшесі бола тұра, Директорлар кеңесінің мүшесі міндеттерін орындау мерзімі ішінде және егер Қордың ішкі құжаттарымен өзге неғұрлым ұзақ мерзім көзделмеген болса, Қордың ішкі құжаттарында белгіленген ережелерге сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл қызметтік ақпараттың және Қордың коммерциялық, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын ақпаратының құпиялылығын сақтауға, оны жарияламауға және жеке мүддеде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбауға міндеттенемін.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ жоғарыда аталған ақпаратты ашу туралы ондай талапты сот және/немесе құқық қорғау органдары, сондай-ақ халықаралық арбитраж органдары қойған жағдайда (егер қаралатын талап Қазақстан Республикасының заңнамасына, арбитраждық келісімге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да негіздерге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі үшін нақты жағдайда міндетті болса) жоғарыда аталған ақпаратты жариялауға құқығым осы міндеттемеге жатпайды.

Т.А.Ә.

қолы

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы
ережеге 2-қосымша**

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КАҚ
тәуелсіз директорының лауазымына кандидат туралы
МӘЛІМЕТ**

1. Жалпы мәлімет:

Тегі, аты, әкесінің аты	<i>(жеке куәлігіне (пастортына) толық сәйкес болуға тиіс, тегі, аты, әкесінің аты өзгертілген жағдайда, қашан және қандай себеппен өзгертілгені туралы көрсету қажет)</i>
Туған күні мен жері	
Тұрғылықты мекенжайы, телефон нөмірлері	<i>(толық мекенжайын, елді мекеннің коды қосып, қызметтік, үй, өзге де байланыс телефондарын көрсету қажет)</i>
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері	

2. Жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы (зайыбы), аға-інісі, апа-қарындас-сіңілісі, балалары), сондай-ақ жекжаттар (жұбайының (зайыбының) аға-інісі, апа-қарындас-сіңілісі, ата-анасы, балалары) туралы мәлімет:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Туыстық қатынасы	Жұмыс орны мен лауазымы
1				
2				
3				
4				

3. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы тікелей немесе жанама қатысуы:

№	Атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Қатысу сомасы мен үлесі
---	----------------------------	--	----------------------------

1			
2			
3			
4			

4. Кәсіби деректер

Білімі, оның ішінде жұмыс саласына сәйкес келетін кәсіби білімі	<i>(оқу орнының атауы мен орналасқан жерін, факультетті немесе бөлімшені, оқу кезеңін, алған біліктілікті, білімі туралы дипломның деректемелерін көрсету қажет)</i>
